

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12-2025 ()
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		28 беттің 1 беті

Силлабус

«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің
жұмыс оқу бағдарламасы
6B10118 «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: DSGZB 3304	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пәннің атауы: «Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы»	1.7	Курсы: 3
1.3	Реквизитке дейінгі: Дәлелді медицина негіздері, Қоғамдық денсаулық сақтау, Ғылыми зерттеу әдістері	1.8	Семестрі: 5
1.4	Реквизиттен кейінгі: Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулер менеджменті	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 3
1.5	Циклі: БеП	1.10	Компонент: ЖК
2.	Пәннің мазмұны		
Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулер: түрлері, мақсаттары, міндеттері. Халық денсаулығына ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу ерекшеліктері. Ғылыми зерттеулер саласындағы қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілер. Принциптері биомедициналық этика ережелері. Стандартты операциялық процедуралар. Этикалық комитеттер: мақсаттары, функциялары, қатысушыларға қойылатын талаптар. Ақпараттандырылған келісім. Мүдделер қақтығысы. Зерттеу нәтижелерін жариялауға қойылатын этикалық талаптар.			
3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	Тестілеу +	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	ОҚКЕ/ ОҚТЕ немесе тәжірибелік дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Болашақ денсаулық сақтау саласы мамандарын ғылыми зерттеулерді жоспарлау, жүргізу және нәтижелерді қолдану кезінде биоэтикалық қағидаларды сақтау мен биоэтикалық нормаларға сай жұмыс істеуге үйрету			
5.	Пәнді оқытудың соңғы нәтижелері		
ОН1	Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулерді реттейтін негізгі биоэтикалық принциптерді (автономия, қайырымдылық, зиян тигізбеу, әділдік) біледі		
ОН2	Зерттеу жобаларының биоэтикалық және құқықтық сәйкестігіне жан-жақты		

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		58-12-2025 () 28 беттің 2 беті

	талдау жасай алады және оның ықтимал қауіптері мен пайдаларын бағалай біледі			
ОН3	Қазіргі заманғы биомедициналық зерттеулердегі ең өзекті этикалық дилеммалар мен мәселелерді (генетикалық зерттеулер, жануарларды қолдану, плацебонь пайдалану) түсінеді			
ОН4	Адамдар қатысатын зерттеулерді реттейтін негізгі халықаралық этикалық құжаттарды және Қазақстан Республикасының осы салаға қатысты заңнамалық актілерін біледі			
ОН5	Жеке ақпараттың құпиялылығын сақтауға, деректерді қорғауға және қатысушылардың жеке өмірін құрметтеуге қатысты биоэтикалық принциптерді қолдана біледі			
5.1	Пәннің оқыту нәтижелері	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері		
	ОН1 ОН2 ОН3	ОН1 Әлеуметтік-мінез-құлық, биомедициналық, гигиеналық, эпидемиологиялық және клиникалық ғылымдар саласындағы сенімді, заманауи, ғылыми негізделген ақпарат пен білімді сыни тұрғыдан талдайды және тәжірибеде қолданады.		
	ОН4	ОН5 Тәжірибеде Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын сақтау туралы нормативтік-құқықтық актілерін; санитариялық және табиғат қорғау заңнамасын; санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мамандары қызметінің құқықтық негіздерін қолданады.		
	ОН5	ОН14 Бастапқы мағлұматтарды жинау негізінде ғылыми зерттеулер жүргізеді, мәліметтер базасынан көрсеткіштер мен зерттеу нәтижелерін түсіндіреді, сондай-ақ дәлелді медицина және биоэтика қағидалары негізінде ғылыми негізделген шешімдер қабылдай алады.		
6.	Пән туралы толық ақпарат			
6.1	Кафедраның орналасқан жері: Әл-Фараби алаңы 3, ОҚМА № 4 оқу ғимараты, 2-і қабат, ауд. 1-14, www.ukma.kz			
6.2	Сағат саны:	Дәріс	Тәжіриб. сабақ	ОБӨЖ
	90	6	24	9
				БӨЖ
				51
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер			
№	Т.А.Ж.		Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адресі
1	Толтаев Бакытжан Санакулович		м.ғ.к., доцент м.а.	Toltaev73@mail.ru
2	Мугалбекова Жанар Есенбековна		аға оқытушы	muqalbekoba82@mail.ru
8.	Тақырыптық жоспар			

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)	58-12-2025 () 28 беттің 3 беті

Апт а/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәнні ң ОН	Сағат саны	Оқытуд ың әдістері / техноло гия лары	Бағалау түрлері/ әдістері
1	Дәріс. Биоэтика және биомедициналық этика түсінігі, анықтамасы, мағынасы. Биоэтиканың пайда болу себептері мен шығу тегі. Биоэтиканың теориялық негіздері.	Денсаулық сақтау этикасы. Денсаулық сақтау мамандарының қызметін реттейтін құжаттар.	ОН1 ОН2 ОН3	1	Кіріспе	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Медициналық деонтологияның концепциясы. Қазақстан дәрігерлерінің анты. ҚР дәрігердің этикалық Кодексі.	Медициналық деонтология-анықтамасы, негізгі принциптері. Гиппократ анты және ҚР дәрігерінің анты. Дәрігердің және денсаулық сақтау қызметкерінің этикалық кодексі. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі.	ОН1 ОН2 ОН3	4	Ауызша сұрау, Жағдайлық есептерді шешу, Тест тапсырмаларын орындау	Тексеру парағы, Жазбаша бақылау, Тестілеу

	ОБӨЖ/БӨЖ Медициналық биоэтикадағы халықаралық ұйымдар және құқықтық реттеу. БӨЖ тапсырмасы: 1. Медициналық биоэтиканы реттеудегі ең маңызды үш халықаралық ұйымды (ЮНЕСКО, ДДҰ, т.б.) және олардың биоэтика саласындағы бір негізгі қызметін/міндетін (әрқайсысы үшін). 2. Биоэтикалық реттеудегі ең маңызды болып саналатын бір халықаралық құқықтық құжаттың (декларация, конвенция) атауын және оның негізгі екі принципін/ережесін.	Медициналық биоэтика саласындағы халықаралық ұйымдар, сондай-ақ медициналық биоэтикадағы құқықтық реттеу.	ОН1 ОН2 ОН3	1/6	Презентация дайындау/қорғау, Ғылыми мақаланы талдау, эссе жазу	Тексеру парағы
2	Дәріс. Кәсіби этика – түсінігі, анықтамасы, мағынасы. Зерттеу этикасы.	Медициналық ұжымдағы этикалық қарым-қатынас. Медициналық зерттеулерде қолданылатын	ОН1 ОН2 ОН3	1	Кіріспе	Кері байланыс сұрақтары

	этикалық қарым-қатынас ерекшеліктері.				
Тәжірибелік сабақ. Дәрігерлік қателік және жазатайым жағдай. Занды және этикалық аспектілердің теңдігі. Әріптестің қателігіне қатынасы: этикалық және заң аспектілері.	Дәрігерлік қателердің жіктелуі. Дәрігерлік қателіктер мен жазатайым жағдайдың этикалық және заңдық аспектілері. Медицина қызметкерлерінің жауапкершілігі.	ОН1 ОН2 ОН3	3	Жұппен жұмыс, Ауызша сұрау, Жағдайлық есептерді шешу, Тест тапсырмаларын орындау	Тексеру парағы, Жазбаша бақылау, Тестілеу
ОБӨЖ/БӨЖ Этикалық контекстегі ятрогения сұрағы. Медициналық іс-әрекеттің жағымсыз салдары.	Ятрогендердің жіктелуі. Ятрогения этникалық ерекшеліктері. Медицинадағы қолайсыз нәтижелер.	ОН1 ОН2 ОН3	1/6	Презентация дайындау/қорғау, Ғылыми мақаланы талдау, эссе жазу	Тексеру парағы
БӨЖ тапсырмасы: 1. Ятрогенияның медициналық практикадағы екі нақты түріне (Физикалық, психологиялық, фармакологиялық) бір-бірден мысал. 2. Дәрігер қате диаг-ноз қойды деп есеп-тейік, бұл пациенттің денсаулығына кері әсер етті. Бұл жағдайдағы					

	дәрі-гердің алдында тұр-ған негізгі екі этикалық міндетті.					
3	Дәріс. Медициналық көмек көрсетудің әртүрлі кезеңдерінде дәрігерлердің науқастармен кәсіби қарым-қатынасының медициналық-этикалық ерекшеліктері.	Медициналық көмек көрсету кезеңдері. Роберт Винч бойынша дәрігерлер мен пациенттердің өзара қарым-қатынасы. Пациент, оның туыстары және дәрігер арасындағы қарым-қатынастың басқа да модельдері.	ОН4	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Медициналық қызметтің реттелуі. Құқық: анықтамасы, түсінігі. Науқастың құқығы. Медициналық қызметкердің құқықтары мен міндеттері.	Құқық-түсінігі, анықтамасы, мақсаты. Науқастың құқықтары. Медицина қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.	ОН4	3	Ауызша сұрау, Жағдайлық есептерді шешу, Тест тапсырмаларын орындау	Тексеру парағы, Жазбаша бақылау, Тестілеу
	ОБӨЖ/БӨЖ Науқас клиент ретінде. Дәрігер медициналық қызметтерді "сатушы" ретінде. Науқастың игілігі мен қаржылық	Дәрігерлік қызметтегі сыбайлас жемқорлық мәселесі. Медициналық көмек және медициналық	ОН4	2/6	Презентация дайындау/қорғау, Ғылыми мақаланы талдау,	Тексеру парағы

	пайдасы арасындағы жанжал.	қызмет. Дәрігерлік қызметті			эссе жазу	
	БӨЖ тапсырмасы: 1. Дәстүрлі "Пациент/Дәрігер" қатынасы мен қазіргі "Клиент/Қызмет сатушы" қатынасының арасындағы бір негізгі айырмашылық. 2. Медициналық қызметтерді "сатушы" ретінде қарастырудың бір позитивті және бір негативті этикалық салдары. Аралық бақылау-1	коммерцияландыру және оның медицинадағы моральдық ахуалға әсері. Тәжірибелік сабақтар материалдары мен ОБӨЖ 1-3 тақырыптары негізінде білім алушылардың білімі мен дағдысын бағалау.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4		Тестілеу	Тексеру парағы
4	Дәріс. Заманауи медицинаны цифрландыру жағдайындағы құпиялылық ережелері.	Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі (БҰДСЖ). Денсаулық сақтау	ОН1 ОН2 ОН3	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары

	порталы e-gov.kz. Заманауи медицинаны цифрландырудың бастауы. Құпиялылық мәселелері және жеке басын ұрлау.				
Тәжірибелік сабақ. Емдік профилактикалық мекемелердегі дәрігерлердің мейірбикелермен және басқа мамандармен қатынастарының этикалық аспектілері.	Денсаулық сақтау қызметкерлерінің Этикалық кодексі. Медицина қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі. Топ ішіндегі коммуникациялар .	ОН1 ОН2 ОН3	4	Жұппен жұмыс, Ауызша сұрау, Жағдайлық есептерді шешу, Тест тапсырмаларын орындау	Тексеру парағы, Жазбаша бақылау, Тестілеу
ОБӨЖ/БӨЖ Денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін талдау. Медициналық әлеуметтік сараптамалық комиссияны ұйымдастыру. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметті ұйымдастыру.	Медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы-еңбек ету қабілетінен ұзақ және тұрақты (тұрақты) айрылуына сараптама жүргізетін орган. МӘСК-тің негізгі функциялары	ОН1 ОН2 ОН3	1/6	Презентация дайындау/қорғау, Ғылыми мақаланы талдау, эссе жазу	Тексеру парағы

	БӨЖ тапсырмасы: 1. Денсаулық сақтау ұйымының аурухана қызметін талдау кезінде қолданылатын үш негізгі көрсеткішті/критерийді (сапа, тиімділік, қолжетімділік). 2. МӘСК қызметін ұйымдастырудың екі негізгі қағидасын (объективтілік, кешенділік, көпсалалылық).		мүгедектік тобын белгілеу және оның себептерін анықтау болып табылады.				
5	Дәріс. Діни ағымдар және медициналық биоэтика: өзара әрекеттесу формалары, оң және теріс жақтары.	Діни және өзара	Әртүрлі діни ағымдар мен медициналық биоэтиканың өзара іс-қимылының ерекшеліктері.	ОН1 ОН2 ОН3	1	Мәселелік	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. "Драмалық медицина" (дәрігерлердің өз тәжірибелерін жүргізудің тарихы мен этикасы). Ұлтшыл медицина қызметкерлеріне сот. Нюрнберг кодексі.		Глязер Г. "Драмалық медицина" кітабынан алынған негізгі үзінділер. Нюрнберг кодексінің құрылу тарихы. Нюрнберг кодексінің мәні, мақсаттары мен міндеттері. Нюрнберг Кодексі мен	ОН1 ОН2 ОН3	3	Ауызша сұрау, Жағдайлық есептерді шешу, Тест тапсырмаларын орындау	Тексеру парағы, Жазбаша бақылау, Тестілеу

		заманауи медициналық биоэтиканың өзара байланысын табу.				
	ОБӨЖ/БӨЖ Денсаулық сақтаудағы сапаны бақылау: стандартизациялау, лицензиялау және медициналық қызметті аккредитациялау.	Денсаулық сақтаудағы стандартизация, лицензия және аккредитация үрдістерінің жүргізілу тәртібі, қойылатын талаптар.	ОН1 ОН2 ОН3	1/6	Презентация дайындау/қорғау, Ғылыми мақаланы талдау, эссе жазу	Тексеру парағы
	БӨЖ тапсырмасы: 1. Науқастың денсаулығына зиян келтірген медициналық қате үшін дәрігерге қолданылуы мүмкін екі негізгі заңды жауапкершілік түрін (әкімшілік, азаматтық, қылмыстық). 2. Медициналық кателердің алдын алуға құқықтық және этикалық тұрғыдан маңызды екі шараны.					
6	Дәріс. Зерттеу биоэтикасындағы ерікті ақпараттандырылған келісім. Компетентті және компетентті емес	Ерікті ақпараттандырылған келісім ұғымы және оны медициналық биоэтикада қолдану.	ОН1 ОН2 ОН3	1	Мәселелік	Кері байланыс сұрақтары

науқастың түсінігі.	Құзыретті және құзыретті емес науқас ұғымдары.				
Тәжірибелік сабақ. Медициналық көмектің негізгі түрлері. Көмек көрсетудің формалары. Жас-жыныстық топтардың денсаулығы: балалар, жасөспірімдер, ересектер.	Медициналық көмектің түрлері. Медициналық көмекті ұсыну нысандары. Балалар мен жасөспірімдерді және ересектердің денсаулық топтарына бөлу қағидасы.	ОН1 ОН2 ОН3	3	Жұппен жұмыс, Ауызша сұрау, Жағдайлық есептерді шешу, Тест тапсырмаларын орындау	Тексеру парағы, Жазбаша бақылау, Тестілеу
ОБӨЖ/БӨЖ Р. Витч бойынша науқас пен дәрігер арасындағы қарым-қатынастардың модельдері.	Американдық биоэтик Роберт Витч қазіргі заманғы мәдениетке тән дәрігер-пациент қарым-қатынасының төрт моделін бөледі: инженерлік, пастыр (патерналист), алқалы және келісім-шарт.	ОН1 ОН2 ОН3	1/6	Презентация дайындау/қорғау, Ғылыми мақаланы талдау, эссе жазу	Тексеру парағы
БӨЖ тапсырмасы: 1. Дәрігердің кәсіби тәуелсіздігіне қысқаша анықтама. 2. Дәрігердің тәуелсіздігін этикалық тұрғыдан негіздейтін екі негізгі себепті (емдеу сапасы, ар-ұят бостандығы).					

7	Тәжірибелік сабақ. Биоэтикалық контекстегі ятрогения сұрағы. Медициналық іс-әрекеттің жағымсыз салдары.	Ятрогендердің жіктелуі. Ятрогения биоэтикалық ерекшеліктері. Медицинадағы қолайсыз нәтижелер.	ОН5	4	Ауызша сұрау, Жағдайлық есептерді шешу, Тест тапсырмаларын орындау	Тексеру парағы, Жазбаша бақылау, Тестілеу
	ОБӨЖ/БӨЖ Құпиялық қағиданы бұзған үшін медицина қызметкерлерінің жауапкершілігі. Құпиялықтың рұқсат етілген шектеулері.	Жауапкершіліктің түрлері. Медициналық құпияны құрайтын ақпарат беруге азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз жол берілетін жағдайлардың тізбесі.	ОН5	2/6	Презентация дайындау/қорғау, Ғылыми мақаланы талдау, эссе жазу	Тексеру парағы

БӨЖ тапсырмасы: 1. Медицина қызметкері науқастың құпия ақпаратын заңсыз жариялағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес (жалпы түсінік бойынша) қолданылуы мүмкін үш жауапкершілік түрін (тәртіптік, азаматтық, қылмыстық). 2. Медициналық құпияны науқастың келісімінсіз заңды түрде жариялауға (құпиялықты шектеуге) рұқсат етілетін үш жағдайды.	Аралық бақылау-2	Тәжірибелік сабақтар материалдары мен ОБӨЖ 4-7 тақырыптары негізінде білім алушылардың білімі мен дағдысын бағалау.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН5	Тестілеу	Тексеру парағы
Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу:			9 сағ.		

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12-2025 ()
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		28 беттің 14 беті

9.	Оқыту және бағалау әдістері				
9.1	Дәріс		Кіріспе, шолу, мәселелік, кері байланыс сұрақтары		
9.2	Тәжірибелік сабақ		Жұппен жұмыс, ауызша сұрау, жағдайлық есеп-терді шешу, тест тапсырмаларын орындау, тексеру парағы, жазбаша бақылау, тестілеу		
9.3	ОБӨЖ/БӨЖ		Презентация дайындау/қорғау, ғылыми мақаланы талдау, эссе жазу, тексеру парағы		
9.4	Аралық бақылау		Тестілеу, тексеру парағы		
10.	Бағалау критерийлері				
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері				
№ ОН	Оқыту нәтижесіні н қорытындысы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН 1	Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулерді і реттейтін негізгі биоэтикалық принциптерді (автономия, қайырымдылық, зиян тигізбеу, әділдік) біледі	1 Биоэтикалық принциптердің атауларын атай алмайды немесе шатастырады. 2 Автономия, қайырымдылық, зиян тигізбеу, әділдік ұғымдарының мағынасын түсінбейді. 3 Принциптерді зерттеу мысалында	1 Принциптердің атауларын атай алады, бірақ кейбірін дұрыс түсінбейді. 2 Бір-екі принциптің мағынасы дұрыс емес немесе толық емес. 3 Зерттеу мысалында тек кейбір принциптерді қолданады. 4 Түсіндіруде қателер немесе шектеулер бар. 5 Жауабы негізділігі	1 Барлық принциптердің мағынасын түсінеді. 2 Қарапайым мысалдармен қолданады. 3 Зерттеу жағдайында дұрыс қолданады, бірақ кейде ұсақ қателер кездеседі. 4 Принциптердің өзара байланысын шектеулі түрде түсіндіреді. 5 Жауабы негізделген, мысалдар арқылы түсіндіреді. жеткіліксіз.	1 Барлық төрт принципті толық және нақты түсіндіреді. 2 Ғылыми зерттеулерде дұрыс қолданады. 3 Принциптердің өзара байланысын көрсетеді. 4 Күрделі немесе нақты мысалдармен дәлелдейді. 5 Жауабы толық, логикалық және негізді, қателер жоқ.

		қолдана алмайды. 4 Зерттеу жағдайында қателесіп немесе қатысы жоқ ұғымдарды қолданады. 5 Жауаптары толық емес және негізсіз.	төмен, толық дәлелдеме жоқ.		
ОН 2	Зерттеу жобаларының биоэтикалық және құқықтық сәйкестігіне жан-жақты талдау жасай алады және оның ықтимал қауіптері мен пайдаларын бағалай біледі	1 Зерттеу жобасының биоэтикалық немесе құқықтық аспектілерін айта алмайды. 2 Қауіптер мен пайдаларды дұрыс бағалай алмайды. 3 Жобадағы этикалық немесе құқықтық мәселелерді байқамайды. 4 Талдауы толық емес немесе қателіктерге толы.	1 Биоэтикалық және құқықтық аспектілерді бөліп айта алады, бірақ толық емес. 2 Қауіптер мен пайдалардың бір бөлігін ғана бағалайды. 3 Зерттеу жобасындағы мәселелерді кейде байқайды, бірақ толық емес. 4 Талдауда кейбір қателіктер бар. 5 Жауабы негізделген,	1 Барлық негізгі биоэтикалық және құқықтық аспектілерді түсінеді және анықтайды. 2 Қауіптер мен пайдаларды дұрыс бағалай алады. 3 Зерттеу жобасындағы проблемаларды жүйелі түрде талдайды. 4 Мысалдар арқылы өз пікірін дәлелдейді, бірақ кейде толық емес. 5 Жауабы негізді, логикалық және дәлелді.	1 Зерттеу жобасының биоэтикалық және құқықтық аспектілерін толық, жан-жақты талдайды. 2 Қауіптер мен пайдаларды нақты және дәл бағалайды. 3 Проблемаларды толық жүйелі түрде қарастырады. 4 Нақты мысалдар мен дәлелдер арқылы қорытынды жасайды. 5 Жауабы логикалық, негізделген

		5 Жауаптары негізсіз және нақты дәлелдер жоқ.	бірақ толық дәлелдер жоқ.		және қателерсіз.
ОН 3	Қазіргі заманғы биомедици налық зерттеулерд егі ең өзекті этикалық дилеммалар мен мәселелерді (генетикал ық зерттеулер, жануарлард ы қолдану, плацебоны пайдалану) түсінеді	1 Қазіргі биомедицин алық этикалық дилеммалар ды атай алмайды. 2 Генетикалы қ зерттеулер, жануарлард ы қолдану немесе плацебо мәселелерін дұрыс түсінбейді. 3 Этикалық мәселелерді талдай алмайды. 4 Қателіктер мен шатасулар көп кездеседі. 5 Жауаптары негізсіз және дәлелсіз.	1 Этикалық дилеммаларды атағанымен, олардың мәнін толық түсінбейді. 2 Генетикалық зерттеулер немесе плацебо қолдану туралы тек жалпы түсінікке ие. 3 Жануарларды зерттеуде туындайтын этикалық мәселелерді толық қарастырмайд ы. 4 Талдау мен мысалдар жеткіліксіз немесе кейде қате. 5 Жауабы жартылай негізделген, дәлелдер толық емес.	1 Барлық өзекті этикалық дилеммаларды дұрыс анықтайды. 2 Генетикалық зерттеулер, жануарларға тәжірибе жасау, плацебо қолдану мәселелерін түсінеді. 3 Мәселелерді жүйелі түрде талдай алады. 4 Мысалдар мен түсіндірмелерді қолданады. 5 Жауабы негізді, логикалық, бірақ кейде толық емес.	1 Этикалық дилеммаларды толық, жан- жақты түсінеді. 2 Генетикалық зерттеулер, жануарларды қолдану, плацебо мәселелерін нақты мысалдармен түсіндіреді. 3 Мәселелерді талдау барысында өз көзқарасын дәлелдей алады. 4 Проблемалард ың ғылыми, кұқықтық және этикалық аспектілерін толық көрсетеді. 5 Жауабы логикалық, негізделген және қателерсіз, нақты қорытынды

жасайды.					
ОН 4	Адамдар қатысатын зерттеулерді реттейтін негізгі халықаралық этикалық құжаттарды және Қазақстан Республикасының осы салаға қатысты заңнамалық актілерін біледі	1 Халықаралық этикалық құжаттарды атай алмайды. 2 Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін білмейді. 3 Зерттеу қатысушыларын қорғауға қатысты негізгі қағидаларды түсінбейді. 4 Жауаптары шатасқан немесе қателіктерге толы. 5 Негізді дәлелдер мен мысалдар келтірмейді.	1 Хельсинки декларациясы немесе Нюрнберг кодексінің біреуін атай алады, бірақ толық түсінбейді. 2 Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін тек атау деңгейінде біледі. 3 Зерттеу қатысушыларын қорғауға қатысты кейбір қағидаларды атап шыға алады. 4 Мысалдар жеткіліксіз немесе кейде қате. 5 Жауабы жартылай негізделген, толық дәлелдер жоқ.	1 Барлық негізгі халықаралық этикалық құжаттарды атап, қысқаша түсіндіреді. 2 Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін дұрыс қолдана алады. 3 Зерттеу қатысушыларын қорғау қағидаларын түсінікті түрде көрсетеді. 4 Мысалдар арқылы этикалық және құқықтық аспектілерді түсіндіреді. 5 Жауабы логикалық, негізді және дәлелді, бірақ кейде толық емес.	1 Халықаралық этикалық құжаттарды толық, нақты атайды және олардың мазмұнын түсіндіреді. 2 Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін толық және дұрыс түсінеді. 3 Зерттеу қатысушыларын қорғау қағидаларын жан-жақты талдайды. 4 Мысалдар мен дәлелдер арқылы құқықтық және этикалық сәйкестікті көрсетеді. 5 Жауабы логикалық, толық, негізделген және қателерсіз.
ОН 5	Жеке акпараттың құпиялылығын сақтауға,	1 Биоэтика принциптерін мүлде түсінбейді және	1 Принциптерді жалпы деңгейде түсінеді, бірақ	1 Принциптерді жақсы түсінеді және оларды зерттеуде қолдануға	1 Биоэтика принциптерін терең және толық түсінеді, оларды ғылыми

деректерді қорғауға және қатысушылардың жеке өмірін құрметтеуге қатысты биоэтикалық принциптерді қолдана біледі	оларды зерттеу барысында қолдануды білмейді. 2 Деректерді қорғау әдістерін білмейді және оларды қолданбайды. 3 Биоэтикалық стандарттарды мүлде сақтамайды, зерттеуде қателіктер жиі кездеседі.. 4 Зерттеу барысында биоэтикалық талаптарға мән бермейді. 5 Жеке ақпараттың қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілік танытпайды.	олардың нақты жағдайларда қалай қолданылатынын толық ұқпайды. 2 Деректерді қорғаудың негізгі әдістерін біледі, бірақ оларды зерттеуде тиімді қолдануда қателіктер жасайды. 3 Биоэтикалық стандарттарды сақтайды, бірақ кейде қателіктер орын алады. 4 Биоэтикалық нормаларды сақтайды, бірақ кейде оларды толық орындамауы немесе бұзуы мүмкін. 5 Жеке ақпаратты қорғауда жауапкершілікті түсінеді, бірақ бұл туралы барлық	тырысады, бірақ кейде ұсақ қателіктер кездеседі. 2 Деректерді қорғаудың әдістерін дұрыс қолданады, бірақ кейде зерттеу барысында толыққанды шаралар қабылдамайды. 3 Биоэтикалық стандарттарға сай жұмыс істейді, бірақ кейбір ұсақ мәселелерде толық сақталмауы мүмкін. 4 Биоэтикалық нормаларды сақтайды, бірақ кейде оларды орындауда ұсақ кемшіліктер болуы мүмкін. 5 Жеке деректерді қорғау үшін дұрыс шаралар қабылдайды, бірақ кейде оларды толық орындамайды	зерттеулерде жоғары деңгейде дұрыс қолданады. 2 Құпиялылықты сақтаудың барлық шараларын нақты орындап, зерттеу барысында деректерді қорғауға жоғары жауапкершілік танытады. 3 Биоэтикалық стандарттарды толық сақтайды, барлық талаптарға сәйкес әрекет етеді. 4 Әрбір қадамда биоэтикалық нормаларды дұрыс және мұқият қолданады. 5 Жеке ақпаратты қорғауда жоғары жауапкершілікті көрсетеді және зерттеуде қатысушылард
---	---	---	---	---

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		58-12-2025 () 28 беттің 19 беті

		шараларды қабылдамайды	ың деректерін толық қорғауды қамтамасыз етеді.
--	--	------------------------	--

10.2. Бағалау әдістері және критерийлері

№	Бағалау критерийі	Деңгейі			
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағат-танарлық	Қанағат-танарлықсыз

Тәжірибелік сабаққа арналған чек парағы

1	Тапсырманың сұрақтарына ауызша жауап	60	42	30	0
2	Жазбаша бақылау (Тестілеу, Жағдайлық есептерді шешу)	12	8	6	0
		28	20	14	0
	Жалпы:	100	70	50	0

Тапсырма сұрақтарына ауызша жауап – Шамамен 3 сұрақ (әр сұрақ үшін 20 балл)

№	Бағалау критерийі	Деңгейі			
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағат-танарлық	Қанағат-танарлықсыз
1	Тақырып бойынша 1-сұрақ	20	14	10	0
2	Тақырып бойынша 2-сұрақ	20	14	10	0
3	Тақырып бойынша 3-сұрақ	20	14	10	0
	Жалпы:	60	42	30	0

№	Бағалау критерийі	Балл
1	Білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателік немесе сәйкессіздік жібермегенде қойылады. Пәннің және басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолдана отырып, оқылатын пәннің теориясы мен концепциясына және бағыттарына сүйене отырып критикалық бағалау береді.	43-60
2	Білім алушы жауап беру кезінде маңызды қателік жібермегенде, білім алушы өзінің түзетуімен принциптік сәйкессіздіктер мен қателіктер жібергенде, оқытушы көмегімен бағдарлама материалдарын жүйелей білгенде қойылады.	31-42
3	Білім алушы жауап беру кезінде принциптік сәйкессіздіктер мен қателіктер жібергенде, тек оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектеліп, материалдарды жүйелеуде едәуір қиыншылық	15-30

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12-2025 () 28 беттің 20 беті
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		

	танытқанда қойылады.	
4	Білім алушы жауап беру кезінде принциптік қателіктер жібергенде, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиетті қолданбаса, пәннің ғылыми терминологиясын пайдалана алмай, ойсыз, стилистикалық қателіктер жібергенде қойылады.	0-14

Жазбаша бақылау

Тәжірибелік сабаққа арналған тест тапсырмасына чек-парағы

№	Бағалау критерийлері	Балл
1	90-100% дұрыс жауап	9-12
2	70-89% дұрыс жауап	7-8
3	50-69% дұрыс жауап	3-6
4	50% - тен төмен дұрыс жауап	0-2

Жағдайлық есептерді шешу – 28 балл (әр жағдай үшін 14 балл)

№	Сұрақтар	Денгейі			
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарл ық	Қанағаттанарлықсы з
1	1 жағдайлық есеп	14	10	7	0
2	2 жағдайлық есеп	14	10	7	0
	Жалпы:	28	20	14	0

№	Бағалау критерийлері	Балл
1	Білім алушы жұмысқа белсенді түрде қатысып, жауап беруде ерекше ой - пікірін көрсеткенде, білімінің тереңдігін байқатып, тақырыпты басқа да салалардағы ғылыми жетістіктермен ұштастыра білгенде қойылады.	21-28
2	Жұмысқа белсенді түрде қатысып, жауап беруде қателіктер жібермей, жұмысқа белсенді араласып, білімінің жақсы екендігін көрсеткенде қойылады.	15-20
3	Сабаққа баяу түрде қатысып, бағдарлама материалдарын жүйелеуде едәуір қателіктер жібергенде қойылады.	10-14
4	Оқытушы сұрақтарына жауап беруде көп қателіктер жіберіп, жауап беруде ғылыми терминологияны пайдаланбады.	0-9

ОБӨЖ / БӨЖ-на арналған чек-парағы

1	Презентация жасау	50	35	25	14
2	Ғылыми мақаланы талдау, эссе жазу	50	35	25	14
	Жалпы:	100	70	50	28

ПРЕЗЕНТАЦИЯ ДАЙЫНДАУ/ҚОРҒАУ

Бақыл ау түрі	Бағалау критерийі	Балл
---------------------	-------------------	------

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		58-12-2025 () 28 беттің 21 беті

	Презентация белгілінген уақытында, білім алушының өз ойымен орындалған. 7-тен кем емес әдебиеттер көзі пайдаланылған. Слайдтар мазмұнды және ойлы. Презентацияны қорғау кезінде автор тақырып бойынша терең білімін көрсете білді. Сұрақтарды талқылау барысында ешқандай қателіктер жіберген жоқ.	36-50
	Презентация белгілінген уақытында, білім алушының өз ойымен орындалған. 6-тен кем емес әдебиеттер көзі пайдаланылған. Слайдтар мазмұнды және ойлы. Презентацияны қорғау кезінде автор тақырып бойынша білімінің жақсы екенін көрсетті. Сұрақтарға жауап беруде аздаған қателіктер жіберіп, оны өзітүзеп отырды.	26-35
	Презентация белгілінген уақытында, орындалған. 5-тен кем емес әдебиеттер көзі пайдаланылған. Слайдтар мазмұнсыз. Сұрақтарға жауап беру кезінде және талқылауда қателіктер болды.	15-25
	Презентация белгілінген уақытта тапсырылған жоқ, көлемі 20 слайдтан аз. Әдебиеттер тізімі 5-ден аз. Слайдтар мазмұнсыз. Презентацияны қорғау кезінде автор көптеген қателіктер жіберді. Өз материалдарынан ауытқып кеткенде қойылады.	0-14

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ТАЛДАУ

Бақыл ау түрі	Бағалау критерийі	Балл
	Білім алушының төменде көрсетілген ғылыми базаларда жұмыс жасау қа-білеттілігі: 1. PubMed/Medline; 2. Scopus Web of Science (WoS); 3. Cochrane Library; 4. Google Scholar. Жұмыс ұқыпты, уақытында орындалған, компьютерде терілген. Мәселе бойынша ойлар, дәлел келтіре отырып, қысқа тезистер түрінде беріледі. Жұмыс мәтінінде барлық жерде авторлар, сілтемелер көрсетілген. Қорғаған кезде білім алушы мәтінді оқымайды, өз түсінігімен айтады. Барлық қойылған сұрақтарға сенімді және нақты жауап береді. Мақаланы талдау барысында соңғы 5 жылдағы мақалаларды және импакт – факторы жоғары мақалаларды қолданды.	21-30

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		58-12-2025 () 28 беттің 22 беті

	Білім алушының төменде көрсетілген ғылыми базаларда жұмыс жасау қабілеттілігі: 1. PubMed/Medline; 2. Scopus Web of Science (WoS); 3. Cochrane Library; 4. Google Scholar. Жұмыс дәл орындалды және уақытында жеткізілді. Мәселе бойынша ойлар қысқа тезистер түрінде беріледі, бірақ дәлел келтірмеді. Жұмыс мәтінінде барлық жерде авторларға сілтемелер көрсетілген. Қорғау кезінде мәтін оқымайды, бірақ айтады. Сұрақтарға жауап бергенде ол принципсіз қателіктерін мойындады.	16-20
	Білім алушының төменде көрсетілген ғылыми базаларда жұмыс жасау қабілеттілігі: 1. PubMed/Medline; 2. Scopus Web of Science (WoS); 3. Cochrane Library; 4. Google Scholar. Жұмыс ұқыпты орындалды. Айтылған мәселе бойынша ойлары дәлелсіз, шашыраңқы. Жұмыс мәтінінде авторларға сілтеме барлық жерде көрсетілмеген. Қорғалған кезде мәтін оқылады. Белгісіз сұрақтарға жауап береді, іргелі қателіктер жібереді.	8-15
	Білім алушының төменде көрсетілген ғылыми базаларда жұмыс жасау қабілеттілігі: 1. PubMed/Medline; 2. Scopus Web of Science (WoS); 3. Cochrane Library; 4. Google Scholar. Ойлар шашыраңқы түрде суреттелген. Жұмыс мәтінінде авторларға сілтеме жоқ. Аргументтер жоқ. Қорғалған кезде мәтін оқылады. Сұрақтарға жауап бергенде ол өрескел қателіктер жібереді, материалдарды шарламайды.	0-7
ЭССЕ жазу		
Бақылау түрі	Бағалау критерийлері	Балл
	Жұмыстың мазмұны тақырыпқа толық сәйкес келеді. Тақырып терең және дәлелді түрде ашылады. Талғамы бойынша құрастырылған, логи-калық және ойды дәйекті түрде жеткізуі жоғары. Эссе де мәселе нақты тұжырымдалған. Нақты қате жоқ. Негізгі бөлімінің мазмұнына логика-лық түрде сәйкес келетін қорытындылар бар.	16-20

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12-2025 ()
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		28 беттің 23 беті

Жұмыстың мазмұны тақырыпқа толық сәйкес келеді. Тақырып терең және дәлелді түрде ашылады. Тақырыпта аздап ауытқулар бар. Эссе қорғалатын тақырыпқа сәйкес анық тұжырымдалған. Негізгі бөлімде бұл қисынды, бірақ ұсынылған тезисті дәлелдеу үшін жеткіліксіз, оқшау-ланған фактілік дәлелсіздіктер бар.	11-15
Эссе қорғалатын тақырыптың мазмұнынан едәуір ауытқиды. Қорғау ке-зінде нақты материалды ұсынудағы кейбір қателіктерге жол беріледі. Материал өте логикалық түрде берілген, бірақ ойды білдіру реттілігі-нен едәуір бұзушылықтары бар. Қорытынды негізгі бөлімнің мазмұнына толық сәйкес келмейді.	8-10
Тақырып толық ашылмаған, бұл немқұрайлы білімді көрсетеді. Ол мате-риалдың кездейсоқ орналасуымен, мәліметтер арасындағы байланыстың болмауымен сипатталады. Қорғауда өрескел қателіктер болған кезде қойылады	0-7

Аралық аттестаттау
(100% балдық жүйемен)

Білімді бағалаудың көпбаллдық жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

11.

Оқу ресурстары

Электронд ық ресурстар, соның ішінде, бірақ	1. Электронная библиотека ЮКМА - https://e-lib.skma.edu.kz/genres 2. Республиканская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – http://rmebrk.kz/ 3. Цифровая библиотека «Aknurpress» - https://www.aknurpress.kz/ 4. Электронная библиотека «Эпиграф» - http://www.elib.kz/ 5. Эпиграф - портал мультимедийных учебников
--	--

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		58-12-2025 () 28 беттің 24 беті

олармен шектелмей ді: дерекқорла р, анимацияла р тренажерле р, кәсіби блогтар	https://mbook.kz/ru/index/ 6. ЭБС IPR SMART https://www.iprbookshop.ru/auth 7. информационно-правовая система «Заң» - https://zan.kz/ru 8. Medline Ultimate EBSCO 9. eBook Medical Collection EBSCO 10. Scopus - https://www.scopus.com/
Электронд ық оқулықтар	1. Биоэтика: Оқулық (2-ші басылым). Т.А. Асимова, А.С. Сагадиев / Қарағанды: «АҚНҰР» баспасы», 2021. - 224 бет. https://aknurpress.kz/reader/web/1196 2. Психология и педагогика для студентов медицинских вузов: учебник / Под ред. профессора Н.В. Кудрявой. – Алматы: Эверо, 2020. ч. I.– 196 с. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/2760/ 3. Психология и педагогика для студентов медицинских вузов: учебник / Под ред. профессора Н.В. Кудрявой. – Алматы: Эверо, 2020. ч. II. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/2761 4. Коммуникативные навыки. - Учебное пособие. Молотов-Лучанский В.Б., Мацеевская Л.Л., Цаюкова Н.А. Алматы: Эверо. 2020-138 с. / https://www.elib.kz/ru/search/read_book/615/ 5. Биомедицинская этика. Учебное пособие. – 2-е изд., перераб. и доп. Куклина Н.М. – Алматы: «Эверо», 2020 г. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/250/ 6. Коммуникативтік дағдылар. Коммуникативные навыки. 7. Communication skills. / под общей редакцией Мацеевской Л.Л. / - Алматы, ТОО “Эверо”, 118/ https://www.elib.kz/ru/search/read_book/601/ 8. Нравственно-просветительская деятельность врача-педагога: история и современность: учебное пособие / Под ред. проф. Н.В. Кудрявой. – Алматы: Эверо, 2020. – 380/ https://www.elib.kz/ru/search/read_book/2762/ 9. Биоэтика : учебное пособие для семинарских занятий / Н. К. Елина. — Самара : РЕАВИЗ, 2014. — 124 с./ https://www.iprbookshop.ru/64876
Әдебиет	Негізгі: 1. Советова З. С. Ғылыми зерттеу негіздері және академиялық жазылым : оқу құралы / З. С. Советова. - Алматы : Aktaulova's, 2022. - 252 б. - Текст : непосредственный. 2. Методология научных исследований в клинической медицине : учебное пособие / Н. В. Долгушина [и др.]. - М. : ГЭОТАР Медицина,

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		58-12-2025 () 28 беттің 25 беті

	2016. - 112 с. 3. Дәріс кешені. Зерттеу негіздері. Биоэтика : силлабус / силлабусына сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды. - Шымкент, 2024. - 10 б. 4. Әлмағамбетов К. Х., Мухаметжанов К.М., Махамбетов К.О., Досмағамбетов М.У. Биотехнология Оқу құралы ЭСПИ, 2021 5. Асимова, Т. А. Биоэтика: учебник / Т. А. Асимова, А. С. Сагадиев. - Алматы : АҚНҰР, 2017. - 240 с. 6. Койчубеков, Б. К.] : учеб. пособие / Б. К. Койчубеков. - Алматы : Эверо, 2016. 7. Койчубеков, Б. К. Биостатистикаға кіріспе курсы: оқу құралы / Б. К. Койчубеков, Д. Т. Абдыкешова, Д. Т. Алибиева. - ; ҚММУ Ғыл. кеңесінде бас. шығаруға ұсынылған. - Алматы : Эверо, 2014. - 102 бет. 8. Койчубеков, Б. К. Биостатистика: учеб. пособие / Б. К. Койчубеков. - ; Утв. на Ученом совете КГМУ. - Алматы : Эверо, 2014. 9. Биоэтика: учебное пособие / В. В. Сергеев [и др.]. - ; Рек. Учебно-методическим объединением по мед. и фарм. образованию вузов. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 240 Қосымша: 1. Medical law : textbook / Zh. U. Tlembaeva [et. al.]; ed. J. U. Tlembaeva. - Astana : Medet Group , 2024. - 196 p. 2. Медицинское право : учебник / Ж. У. Тлембаева [и др.] ; ред. Ж. У. Тлембаева. - Астана : Medet Group , 2023. - 218 с. 3. Медициналық құқық : оқулық / Ж. У. Тлембаева [және т.б.]. - Астана, 2023. - 214 б. 4. Рыманов, Д. М. Денсаулық сақтауды басқару этикасы: оқу-әдістемелік кешен = Этика управления в здравоохранении : учебно-методический комплекс / Д. М. Рыманов, С. А. Купанова. - Алматы : Эверо, 2015. - 164 бет. 5. Бөлешов М. Ә. Қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау : оқулық / М. Ә. Бөлешов. - Алматы : Эверо, 2015. - 244 бет с. 6. Мысалдар мен тапсырмалардағы биостатистика [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / Койчубеков Б. К. [ж. б.] ; ҚР денсаулық сақтау м-лігі; ҚарММУ. - ; ҚММУ-ның оқу кеңесінде бекітілген. - Алматы : Эверо, 2013. - 108 бет. с
12.	Пәннің саясаты
1. Оқу үдерісіне белсенді қатысу. 2. Белсенділік болмаған жағдайда және тапсырмаларды орындамаған жағдайда айып шаралары қолданылады және тәжірибелік сабақтың балы төмендейді. 3. Командада жұмыс істей білу.	

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		58-12-2025 () 28 беттің 26 беті

4. Білім алушылардың кафедраның оқу-әдістемелік үдерісін жетілдіру жөніндегі іс-шараларына белсенді қатысуы.
5. Аудиторияда техника қауіпсіздігін сақтау.
6. Аралық бақылауды белгіленген уақытта тапсыру.
7. Білім алушылардың білімін аралық бақылау теориялық оқытудың 3/7 күніне бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет оқу үлгерімінің электрондық журналына және айыппұл балдарын ескере отырып, электрондық журналға аралық бақылаудың қорытындыларын қаулы ете отырып жүргізіледі. Дәлелді себепсіз аралық бақылауға келмеген білім алушы пән бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді. Аралық бақылау қорытындылары деканатқа бақылау күнінің соңына дейін баянат түрінде ұсынылады.
8. БӨЖ-ді кестеде көрсетілген мерзімде міндетті түрде тапсыру, жазбаша жұмыстардың барлық түрлері плагиатқа тексеріледі.
9. БӨЖ - де көрсетілген тапсырмалардың бірнеше түрінен білім алушы бір түрін таңдайды.

13.	Академияның моральдық және этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат
	Академиялық саясат. 4-т. білім алушының ар-намыс кодексі
	Пән бойынша баға қою саясаты
	Білім алушылардың курсты аяқтағаннан кейінгі қорытынды бағасы (ҚБ) рұқсат беру рейтингтері (РБР) және қорытынды бақылау бағалары (ҚББ) бағаларының қосындысынан құралады және балдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес қойылады. $ҚБ = РБР + ҚББ$ Рұқсаттама рейтингінің бағасы (РБР) 60 баллға немесе 60%-ға тең және мыналарды қамтиды: ағымдағы бақылауды бағалау (АББ) және аралық бақылауды бағалау (АББ). Ағымдық бақылауды бағалау (АББ) практикалық сабақтар мен БӨЖ үшін орташа бағаны білдіреді. Аралық бақылауды бағалау (АББ) екі аралық бақылаудың орташа бағасын білдіреді. Қабылдау рейтингінің бағасы (60 балл) формула бойынша есептеледі: $АББ_{орт} \times 0,2 + АББ_{орт} \times 0,4$ Қорытынды бақылау (ҚБ) тестілеу түрінде жүргізіледі және білім алушы 40 балл немесе жалпы бағаның 40% ала алады. Емтихан барысында білім алушыға 50 сұрақ ұсынылады. Қорытынды бақылауды есептеу келесідей жүргізіледі: егер білім алушы 50 сұрақтың 45-0 жауап берсе, онда бұл 90% құрайды. $90 \times 0,4 = 36$ балл. Қорытынды баға, егер білім алушының қабылдау рейтингі (РБР)=50 балл немесе

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12-2025 () 28 беттің 27 беті
«Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		

30% және одан жоғары, сондай-ақ қорытынды бақылау (ҚБ)=20 балл немесе 20% және одан жоғары оң бағалары болған жағдайда есептеледі. Қорытынды баға (100 балл)= АББ орт x 0,2+ АББ орт x 0,4 + ҚБ x 0,4 бақылаудың бір түрі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы (АБ1, АБ2, АБ орт) емтиханға жіберілмейді. Айыппұл баллдары ағымдағы бақылаудың орташа бағасынан алынады.
--

14. Бекіту және қайта қарау			
Кітапхана - ақпараттық орталығымен келісілген күні	Хаттама №	КАО жетекшісі	Қолы
«25» 06 2025 ж.	7	Р.И. Дарбичева	
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама №	Кафедра меңгерушісі	Қолы
«26» 06 2025 ж.	16	Г.Ж. Сарсенбаева	
ББ АК мақұлданған күні	Хаттама №	ББ АК төрағасы	Қолы
«27» 06 2025 ж.	11	С.У. Ескерова	
Кафедрада қайта қарау күні	Хаттама №	Кафедра меңгерушісі	Қолы
_____	_____	Г.Ж. Сарсенбаева	
ББ АК қайта қарау күні	Хаттама №	ББ АК төрағасы	Қолы
_____	_____	С.У. Ескерова	

